

ЖШС «MDU Bagytty bala» балабақшасы

Бекітемін:
“MDU Bagytty bala”
балабақшасының меңгерушісі:
Өмірғалиева А.Б.



**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру бойынша
2025-2026 оқу жылына арналған жылдық жоспары**

2025-2026 оқу жылы



**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру бойынша
2025-2026 оқу жылына арналған жылдық жоспары**

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына арналған тәрбие жұмысы жоспары				
ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТАР				
№	Қызмет түрі	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындалу мерзімі
1	2025-2026 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспарын құру және бекіту	Жоспар	МДТ ұйымдарының педагогтары	Тамыз-қыркүйек
2	Ата-аналар жиналыстары, ата-аналар комитеттері	Хаттама	МДТ ұйымдарының педагогтары	Жыл бойы
3	Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру	Хаттама	Қамқоршылық кеңестің хатшысы	Жыл бойы
Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы <i>1 қыркүйек – «Білім күні»</i> <i>5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні</i> <i>Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні</i> <i>Қыркүйектің үшінші жексенбісі – Аналар күні</i> <i>Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні</i>				
Р /с	Іс шаралар атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындалу мерзімдері
1	1 қыркүйек - Білім күні «Тілім менің тірегім»	Кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекет	Мектепке дейінгі ұйымның басшысы, әдіскері, педагогтері	Мерзімінде

		Дәйексөз: «Тіл мәртебесі - ел мәртебесі»		
2	«Бақытты отбасы - берекелі ел»	Бейне -ролик Дәйексөз: «Ер дәулеті - еңбек»	Мекепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	Мерзімінде
3	«Абай әндері»	Музыкалық кеш Дәйексөз: «Білімдіден шыққан сөз – талаптыға болсын кез»	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, дене шынықтыру нұсқаушысы, әдіскері,	Мерзімінде
Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық <i>1 қазан – Халықаралық қарттар күні</i> <i>5 қазан – Мұғалімдер күні</i> <i>25 Қазан – Республика күні</i>				
1	«Қарттарым -асыл қазынам»	Құттықтау. Дәйексөз: «Үлкенге ізет-жасқа жол»	Мекепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	Мерзімінде
2	«Ұстаздарға мың алғыс»	Мерекелік кеш Дәйексөз: «Баланың бас ұстазы ата-ана»	Мекепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	Мерзімінде
3	«Жомарт күз» жәрмеңкесі	Көрме Дәйексөз : «Көктемгі әрекет – күзгі берекет»	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес
4	«Мен Отаныммен мақтанамын!»	Ертеңгілік Дәйексөз: «Отан – отбасынан басталады»	Мектепке дейінгі ұйымның музыка жетекшісі, тәрбиешілер	Мерзімінде
Қараша – әділдік және жауапкершілік айы 15-қараша ұлттық валюта теңге күні				
1	«Әжелер мектебі»,	Қолөнер сайыс Дәйексөз: 1.« Ана алдында құрмет – ата алдында қызмет»	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	Мерзімінде
2	Сапарғали Ысқақұлы Бегалин «Өлеңмен өрнектелген әлем»	Өлеңдегі табиғаттың сурет көрмесі. Дәйексөз: «Адам ақылымен қымбатты,	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	Мерзімінде

		ұрпағымен сымбатты»		
2	«Дүкен» ойындары - қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді дамыту	Сюжетті-рөлдік ойындар Дәйексөз: «Еңбек етсең ерінбей тояды, қарның тіленбей.»	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	Мерзімінде
3	«Адал ұрпақ»	Мультфильм қарау Дәйексөз: «Әділін айтсаң – әдемі айтқаның»	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	Мерзімінде
Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы <i>16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні</i>				
1	«Республикам – мақтанышым!»	Ертеңгілік Дәйексөз: 1. « Ынтымақ жүрген жерде – ырыс жүреді» 2. «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас»	Мектепке дейінгі ұйымның педагогтері, әдіскері	Мерзімінде
2	«Қыс қызықтары» (тәрбиеленушілер мен ата-аналардың арасында)	Спорттық ойындар Дәйексөз: 1. «Адамның табиғатсыз күні жоқ, табиғаттың оны айтар тілі жоқ» 2. « Бірлік болмай – тірлік болмас»	Мектепке дейінгі ұйымның педагогтері, әдіскері	Мерзімінде
Қаңтар – заң және тәртіп айы <i>1 қаңтар – Жаңа жыл</i>				
1	«Асық асыл қазына»	Ұлттық ойындар Дәйексөз: «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер»	Мектепке дейінгі ұйымның педагогтері	Мерзімінде
2	«Менің құқықтарым, менің міндеттерім» (ересек жастағы балалар үшін)	Әңгімелесу Дәйексөз: «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бағынған құл болмайды»	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	Мерзімінде
3	Әжем айтқан ертегі «Әжелер мектебі»	Ертегі айту Дәйексөз: 1.«Ақыл тату тәртіпшен»	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	Мерзімінде

		2. «Атасыз үй – батасыз, Анасыз үй-панасыз»		
Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық <i>14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні</i>				
1	«Мен – зерттеушімін» - өнертапқыштыққа алғашқы қадам:	Танымдық, эксперименталдық іс-әрекет Дәйексөз: 1. «Өнер ақиқаты – жасампаздықта» 2. «Сіздің істеріңіз – сіздің ескерткіштеріңіз»	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	Мерзімінде
2	«Шын жүректен кітап сыйла!»	Акция Дәйексөз: « кітап білім бұлағы,білім өмір шырағы»	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	Мерзімінде
3	«Ұлттық өнер ұрпаққа мұра» (тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналарының арасында)	Қол бұйымдарының көрмесі Дәйексөз: « Өнерді үйрен, үйрен де жирен»	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, ата-аналар	Мерзімінде
Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы <i>1 наурыз – Алғыс айту күні</i> <i>8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні</i> <i>21, 22, 23 наурыз – Наурыз мерекесі</i>				
1	«Ізгіліктің бір ізі – алғыс» (тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының және педагогтердің қатысуымен)	Челлендж Дәйексөз: «Ел іші – алтын бесік»	Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері	Мерзімінде
2	«Ананың аялы алақаны»	Челлендж Дәйексөз: «Ана– өмірдің гүлі»	Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері, ата-аналар	Мерзімінде
3	«Наурыз – жыл басы!»	Ертеңгілік Дәйексөз: «Жақсылықтың жиынтығы- өз Наурыз»	Мектепке дейінгі ұйымның педагогтері, әдіскері	Мерзімінде
4	«Құрақ көрпе»	Көрме ұйымдастыру	Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері	Мерзімінде

		Дәйексөз: «Ою ойғанның ойы ұшқыр»		
Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы <i>12 сәуір – Ғылым күні</i>				
1	«Құстарға қамқор болайық» Құстарға ұя жасау	Акция Дәйексөз: «Дос ізде, егер тапсаң қамқор бол»	Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері, ата-аналар	Мерзімінде
2	«Кішкентай зерттеушілер»	Эксперимент Дәйексөз: «Еңбектің наны тәтті, жалқаудың жаны тәтті.»	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	Мерзімінде
3	«Сән салоны», «Емхана»	Сюжетті-рөлдік ойындар Дәйексөз: «Адам құрметіне бөленемін десең, өзің де құрметтей біл»	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	Мерзімінде
Мамыр – бірлік және ынтымақ айы <i>1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні</i> <i>7 мамыр – Отан қорғаушылар күні</i> <i>9 мамыр – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні</i> <i>15 мамыр – Халықаралық отбасы күні</i>				
1	«Достығымыз жарасқан»	Балалар суретінің көрмесі Дәйексөз: 1. «Береке көзі – бірлікте» 2. «Досы көпті жау алмайды, ақылы көпті дау алмайды»	Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері	Мерзімінде
2	«Білімім – Отаныма»	Ертеңгілік Дәйексөз: «Отанды сүю — от басынан басталады.»	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	Мерзімінде
3	«Менің отбасым - бақыт мекенім»	Қабырға газеті Дәйексөз: «Отбасым- алтын бесігім»	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	Мерзімінде

Бекітемін:
“MDU Bagytty bala”
балабақшасының меңгерушісі:
Өмірғалиева А.Б.



«1 қыркүйек – «Білім күні»



«1 қыркүйек – «Білім күні»

Балабақша ауласы 1-Қыркүйек-Білім күніне сай безендіріледі. Жеңіл музыка ырғағымен әр топтың балалары екі қатармен келіп, орындарына тұрады. Жүргізуші баларды мерекемен құттықтайды.

Қастерлемес даңқын кім,

Қадірлемес салтын кім?

Әнұраны елімнің,

Үні,Тілі халқымның!

(Әнұран орындалады)

Жүргізуші:

Сәлем, достар, балалар!

Жаңа білім күніңмен!

Білім-күні мереке,

Ән салсам да әдемі.

Туған тілім-береке,

Сөз арнасам кәделі!

Тәрбиші:

Жаңа киім үстінде,

Мақтанғаным да келеді.

Білім тойы үстінде

Шаттанғым да келеді, -деп біздің «Бақытты бала» балабақшасының балалары мерекеге орай әдемі киініп келген екен, енді сіздерге арнап тақпақтар айтып береді.

Алинұр:

Ән салайық, келіңдер,

Жайнап гүлдей жүріңдер.

Білім күнін тойлайық,

Би билейік, ойнайық.

Би: «Аққу»

Жанель:

Ұстаздар- ұлттың тірегі,

Ұстаздар- білім жүрегі.

Ұрпаққа жетер ұстазбен,

Халықтың ұлы тілегі.

Нұрислам:

Кітап-білім кеніші,

Білім- елдің өрісі.

Татар дәмді тәтті етер

Ащы еңбектің жемісі.

Айрин:

Қуандырып біздерді

Мерекелі күз келді,

Кел, жемісті алтын күз,

Кемелденсін халқымыз.

Ән: «Достық»

Тәрбиші:

Шалдықпадым ,талмадым,

Арманды алға жалғадым.

Конституция-Қорғаным.

Атасы ол бар Заңның,- деп сіздерді 30-тамыз-Конституция күнімен құттықтай отырып,
Балалардың өнерін тамашалауға шақырамыз.

Каусар:

Өрқашан дос біргеміз,

Ажырамас іргеміз.

Достық жырын біліңдер,

Ту қылып ұстап бірлікті,

Еңбекті сүйіңдер.

Әлім:

Сүйемін туған тілді ана тілім,

Бесікте жатқаныида-ақ берген білім.
Шыр етіп жерге түскен минутым сол,
Құлағыма сіңірген таныс үнім.

Тәрбиеші:

Мереке ел мерейлі,
Мерейлі күн көбейді.
Шаңыраққа құт болып,
Керегеміз кеңейді.
Ән: Күз мерекесі»

Ханшайым:

Ән салыңдар күліңдер,
Жайнап гүлдей жүріңдер.
Келіңдер күз тойын тойлайық
Би билейік, ойнайық.

Айлин:

Алтын, сары, қызыл, көк.
Алуан-алуан жапырақ.
Күзгі бақта күлімдеп.
Көз тартады атырап.
Ойын: «Жапырақтарды кім тез жинайды.»

Жүргізуші:

Ал бірінші қыркүйек,
Күнсің ғой сен ең тәуір.
Өйткені ол мереке,
Бірінші күн ерекше.

Мерекелеріңіз құтты болсын. Аспанымыз ашық, заманымыз тыныш болсын!-деп, мерекелік шағын ойын-сауығымызды «*Әрқашан күн сөнбесін*» әнімен аяқтаймыз.



Бекітемін:
“MDU Bagytty bala”
балабақшасының меңгерушісі:
Өміргалиева А.Б.



«ТІЛІМ – МЕНІҢ ТІРЕГІМ»

2025-2026оқу жылы



«ТІЛІМ – МЕНІҢ ТІРЕГІМ»

Қазақстан халқы тілдері күніне арналған мерекелік сценарий
(Мектепалды даярлық тобы)

Мақсаты: Балалардың ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру, мемлекеттік тілді құрметтеуге тәрбиелеу, түрлі ұлт өкілдерінің тілдері мен мәдениеттеріне құрмет сезімін қалыптастыру.

Өтетін орны: Музыка залы

Қатысушылар: Тәрбиешілер, балалар

Безендірілуі: Қазақстан туы, ұлттық ою-өрнектер,
«Тілім – менің тірегім» атты жазу, шарлар мен гүлдер.

Балалардың залға кіруі

Көңілді әуен ойналып тұрады. Балалар қолдарына көгершіндер мен жалаушалар ұстап, залға кіреді.

Жүргізуші:

Армысыздар, құрметті қонақтар, ата-аналар, әріптестер және бүлдіршіндер!

Бүгін біз ерекше мереке – Қазақстан халқы тілдері күніне арналған «Тілім – менің тірегім» атты мерекелік шарамызға жиналып отырмыз.

Тіл – халықтың жаны, ұлттың рухы. Әр халықтың өз ана тілі бар. Ана тілі арқылы біз дүниені танып, білім алып, өз ойымызды жеткіземіз. Сондықтан тілді құрметтеу – елді құрметтеу деген сөз.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны

Барлығы бірге Әнұран орындайды.

Кіріспе көрініс

Ортаға Ана тілі бейнесіндегі қыз шығады.

Ана тілі:

Мен – қазақтың ана тілімін.

Ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жеткен асыл мұрамын.

Мен арқылы халқымның тарихы мен мәдениеті сақталды.

Балалар, сендер мені құрметтеп, таза сөйлеп жүрсіңдер ме?

Балалар:

Иә!

Ана тілі:

Ендеше, мен туралы тақпақтарыңды тыңдайын.

Тақпақтар

1-бала:

Ана тілім – ардағым,

Жүрегімде самғадың.

Қазақ тілі – бай тілім,

Мақтанышым, таң нұрым.

2-бала:

Тілім менің тірегім,
Соғып тұрған жүрегім.
Тілім барда мен бармын,
Тілімменен гүлденем.

3-бала:

Ана тілім – мақтаным,
Тілім менен шаттандым.
Таза сөйлеп әрдайым,
Қадірлеймін анам тілін.

4-бала:

Қазақ тілім – өз тілім,
Ана тілім – асылым.
Ата-баба мұрасы,
Ұрпағының ғасыры.

5-бала:

Тілім менің – тірлігім,
Тілім менің – бірлігім.
Тілім барда қазағым,
Биіктерге өрлеймін.

Ән  «Анамның тілі»

Жүргізуші:

Қазақстан – көпұлтты мемлекет. Біздің елімізде көптеген ұлт өкілдері тату-тәтті өмір сүріп келеді. Әр ұлттың өз тілі, өз мәдениеті бар.

Қазір әр ұлттың амандасу дәстүрімен танысайық.

Көрініс «Достық шаңырағы»

Ұлттық киімдегі балалар шығады.

Қазақ баласы:

Сәлеметсіздер ме!

Орыс баласы:

Здравствуйте!

Өзбек баласы:

Ассалому алейкум!

Татар баласы:

Исәнмесез!

Кәріс баласы:

Аннёңхасейо!

Барлығы бірге:

Біз әртүрліміз,

Бірақ бір елдің балаларымыз!

Біздің Отанымыз – Қазақстан!

Би «Достық биі»

Ойын: «Кім тапқыр?»

Жүргізуші жұмбақ жасырады.

Жұмбақтар:

1. Өзі аппақ,

Сөзі тәтті.

(Тіл)

2. Оқусыз білім береді,
Күнде бізге жол сілтейді.
(Кітап)
3. Білімнің кілті,
Ақылдың шырағы.
(Мектеп)

Ән  «Біз бақытты баламыз»

Мақал-мәтелдер сайысы

Жүргізуші мақалдың басын айтып, балалар жалғастырады.

- * Тіл тас жарады...
- * Өнер алды...
- * Ана тілің...
- * Тіл қылыштан...
- * Туған жердей жер болмас...

Ойын: «Сөз құрастыр»

Балаларға әріптер беріледі.

Сөздер:

- * ТІЛ
- * ДОСТЫҚ
- * ҚАЗАҚСТАН
- * БІРЛІК

Күй  Домбырамен күй орындалады.

Би «Қара жорға»

Сахналық көрініс

«Тілдің қадірі»

(Екі бала сөйлесіп тұрады.)

1-бала:

Сен неге қазақша сөйлемейсің?

2-бала:

Мен кейде ұмытып кетемін.

1-бала:

Ана тілінді құрметтеу керек. Ана тілі – біздің байлығымыз.

2-бала:

Дұрыс айтасың. Енді қазақша сөйлеуге тырысамын.

Ән  «Көк тудың желбірегені»

Қорытынды бөлім

Жүргізуші:

Құрметті қонақтар!

Тіл – ұлттың жаны, халықтың асыл қазынасы. Ана тілімізді ардақтап, құрметтей білейік. Өрдайым мемлекеттік тіліміздің мәртебесін көтеруге атсалысайық.

Тіліміз мәңгі жасасын!
Еліміз аман болсын!
Бірлігіміз бекем болсын!

Барлық балалар бірге:

Ана тілім – ардағым,
Жүрегімде сақтадым.
Қазақ тілім мәңгілік,
Биіктерге бастайтын!

Ән  «Атамекен»

Жүргізуші:

Осымен «Тілім – менің тірегім» атты мерекелік шарамыз аяқталды. Көңіл бөліп келгендеріңізге рақмет!



Бекітемін:
“MDU Bagytty bala”
балабақшасының меңгерушісі:
Өміргалиева А.Б.



«Отбасы – бақыт мекені»



Тақырыбы: «Отбасы – бақыт мекені»

Білім беру саласы: Қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту

Тобы: Мектепалды даярлық тобы

Мақсаты:

Балаларға отбасының маңызын түсіндіру, отбасы мүшелерін құрметтеуге, сыйлауға тәрбиелеу.

Отбасындағы сүйіспеншілік пен қамқорлық туралы түсініктерін кеңейту.

Көрнекіліктер: Отбасы суреттері, жүрекшелер, мақал-мәтелдер, дидактикалық ойындарға арналған карточкалар.

Ұйымдастыру кезеңі

Тәрбиеші:

Балалар, бүгінгі күніміз ерекше. Біз «Отбасы – бақыт мекені» атты ашық қаралым өткізгелі отырмыз.

Шаттық шеңбері:

Армысың, алтын күн!

Армысың, асыл жер!

Армысың, көк аспан!

Армысың, достарым!

Жылуыма жылу қос,

Міне, менің қолым!

Тәрбиеші:

Балалар, отбасы дегеніміз не?

Балалардың жауаптары.

Тәрбиеші:

Отбасы – ата-ана, ата, әже, аға, әпке, іні, қарындастан тұратын ең жақын жандарымыз. Әр отбасының өз бақыты, өз қуанышы болады.

Жұмбақтар

1. Біз үшін ең қымбат жан,
Мейірімі шексіз адам.
(Ана)
2. Үйдің тірегі,
Отбасының жүрегі.
(Әке)
3. Шашы аппақ күмістей,
Ертегі айтып береді.
(Әже)
4. Ақ сақалды дана адам,
Ақыл айтып жүреді.
(Ата)

Дидактикалық ойын

«Кімнің отбасы?»

Балалар суреттер арқылы отбасы мүшелерін атап береді.

Сергіту сәті

Бір үйде біз тұрамыз,
Бәріміз де қуанышпыз.
Әке, ана, ата, әже,
Тату-тәтті боламыз.

Тақпақтар

1-бала:

Отбасым менің тірегім,
Мақтанышым, жүрегім.
Ата-анам жанашыр,
Қамқоршы менің тірегім.

2-бала:

Әжем менің ақ әжем,
Ертегі айтып береді.
Мейірімді жан әжем,
Бақыт сыйлап жүреді.

3-бала:

Әкем менің қорғаным,
Мақтанышым, ардағым.
Еңбекқор жан әрқашан,
Сыйлаймын мен әрдайым.

4-бала:

Анам менің күн нұрым,
Жылытады жүрегім.
Анам барда бақыттымын,
Қуанышқа бөленемін.

Мақал-мәтелдер

- * Отан – отбасынан басталады.
- * Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер.
- * Ана көрген тон пішер, әке көрген оқ жонар.
- * Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің.

Ойын

«Мейірімді сөз айт»

Балалар допты бір-біріне беріп, отбасы мүшелеріне арналған жылы сөздерді айтады.

Мысалы: қамқор, мейірімді, ақылды, сүйікті, еңбекқор, жанашыр.

Қорытынды

Тәрбиеші:

Балалар, отбасы біз үшін неге қымбат?

Балалардың жауаптары.

Тәрбиеші:

Дұрыс айтасындар. Отбасы – әр адамның алтын ұясы, бақыт мекені. Ата-анамызды сыйлап, үлкендерді құрметтеп жүрейік.

Қорытынды ән: 🎵 «Менің отбасым»

Жүректен жүрекке:

Балалар қолдарына жүрекшелер алып:

«Отбасымыз аман болсын!»

«Бақытты отбасы көп болсын!»

«Әке-анамызды жақсы көреміз!» деп тілектерін айтады.



ЖШС «MDU Bagytty bala» балабақшасы

Бекітемін:
“MDU Bagytty bala”
балабақшасының меңгерушісі:
Өмірғалиева А.Б.



«Қарттарым-асыл қазынам»

2025-2026оқу жылы



«Қарттарым-асыл қазынам»

Тақырыбы: «Қарттарым-асыл қазынам»

Мақсаты:

1.Білімділік: 1-қазан қарттар күніне түсінік беру.

2.Дамытушылық: өз ата-бабасын ұмытпай есте сақтауға және аталы сөзден ғибрат алуға үйрену.

3.Тәрбиелік: балалардың бойына халқымыздың қадір қасиетін сіңіру, үлкенді сыйлауға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: отбасы мүшелерінің суреттері,

Әдіс-тәсілдер: әңгімелеу, түсіндіру, ойын, сұрақ-жауап.

Шаттық шеңбер:

Есеніз бе, қазыналы қарттарым,

Бабалардың бойға жиған салттарын.

Өзіңіздей ұлағатты болуға,

Өсиетінді жүрегімде сақтармын.

Жарайсыңдар рахмет. Енді орнымызға жайғасайық.

Балалар, ұйымдастырылған оқу қызметімізді бастамас бұрын, алдымен сендерге сұрақ қойғым келіп отыр.

Қазір жылдың қай мезгілі? (Күз)

Күз мезгілінде неше ай бар? (Үш ай бар)

Атайықшы? (Кыркүйек, қазан, қараша)

Дұрыс айтасындар.

Енді осы қыркүйек айында қандай мерекелер болды? (Білім күні)

Жарайсыңдар.

Ал қазан айында қандай мерекелер бар, білесіңдер ме? (Ұстаздар күні, Республика күні)

Дұрыс айтасындар.

Қазан айында бұл мерекелерден басқа тағы да, мереке бар.

Ол-1-қазан қарттар күні.

Сондықтан бүгінгі ұйымдастырылған оқу қызметіміз қарттар күніне арналмақ. Мен сердерге жұмбақ жасырайын.

Жұмбақ:

Айтары мол ғұлама,

Көп жасаған бұл адам.

Әкесі ол әкеңнің,

Білер оны сұраған.

Ол кім? (Ата)

Аймалайды "Күнім" деп,

Мейірімді жүзі кулімдеп.

"Тәтті-ақ" дейді немере,

Бал шырындай үнің деп.

Ол кім? (Әже)

Жарайсыңдар,балалар,дұрыс таптыңдар. Осы атамызбен әжемізді бір сөзбен қалай атаймыз? (қарттар дейміз)

Дұрыс айтасыңдар,балалар.- "Ақылды қария-ағып жатқан дария" деп тегін айтылмаған. Осы қарттарымыз бәйтерек болса,біз соның жапырағымыз. Адам өміріндегі ең игі істің бірі-қарт кісілерге қамқорлық, мейірімділік, түсіністік, сүйіспеншілік, жанашырлық, сыйластық таныта біліміз керек. Ал енді осы атамызбен әжемізге сендер кім боласыңдар? (немере)

Балалар анамыздың әкесі ,анасы сендерге кім болады? (нағашы ата,нағашы әже)

Ал сендер оларға кім боласыңдар? (жиен)

Жарайсыңдар.

Балалар ата, әже туралы жаттаған тақпақтарымызды айтып берейік.

Айсұлтан:

Атамыз-біздің панамыз,

Атамыз-біздің данамыз.

Атадан ақыл аламыз,

Атадай адам боламыз.

Заңғар:

Жақсы ісімді мақтан қылып,
Жамандықтан сақтандырып.
Жүрген алтын ақ әжемді.
Жүрсем деймін шаттандырып.

Каусар:

Немересін жанынан арттық көретін,
Екі еткізбей бәрін алып беретін.
Әжелердің құшағында күн иесі,
Еркелігі үзілместен күлетін.

Халид:

Нағашы әжем анамның анасы,
Жиендердің ақылшысы санасы.
Қонақ болып бара қалсаң үйіне,
Бәйек болып қарсы алатын нағашы.
Жарайсыңдар балалар, өтте жақсы тақпақтар біледі екенсіңдер.
Ендеше теледидарға назар аударайық.

Суреттер бойынша әңгіме.

Балалар сұрақтарға жауап береді.
(Өз ойларын айтады)
Балалар шаршаған шығарсыңдар, ортаға шығып бір сергіп алайық.

Сергету сәті:

Шеңбер болып тұрайық,
Керегені құрайық.
Уық болып иіліп,
Шаңыраққа киіліп.
Қазақ үйді құрайық,
Жарайсыңдар орнымызға отырайық.

Дидактикалық ойын: «Кімге не тиесілі»

Ойының шарты бойынша балалар отбасы мүшелері бар суреттерге тиісті заттарын қыстарғышпен қыстырады. Атаға-шапан,әжеге -ұршық,әкеге -сағат,анаға-орамал,балаға-велосипед,қызға -қуыршақ.

Балалар , ата-әжелерің сендерді қалай еркелетеді?

(Балалардың жауаптары)

Ұйымдастырыған оқу қызметімізді сұрақ-жауап арқылы қортындылау. Балаларды мадақтау бағалау.

Күтілетін нәтиже:

Білуі керек: Отбасы мүшелерін атай білуі керек.

Болуы керек: Балалар бойында қамқорлық мейірімділік қасиеттері болу керек.

Баланың қолынан келуі керек: Үлкенді сыйлауға, карттарға құрмет көрсете



Бекітемін:
“MDU Bagytty bala”
балабақшасының меңгерушісі:
Өмірғалиева А.Б.



«25 Қазан – Республика күні»



25 Қазан – Республика күні

Тақырыбы: «Менің елім - Қазақстаным!»

Мақсаты: Балаларға біздің Республика күні жөнінде түсінік беру. Балалардың патриоттық және адамгершілік сезімін ояту, «Отан» туралы түсініктерін кеңейту. Туған жерге деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту. Туған жерін сүйуге, қадірлеуге үйрету.

Тәрбиелік іс-әрекеттің көрнекілігі: Қазақстан картасы, суреттер, слайдтар, интерактивті тақта.

Блингвалдық компонент: Менің Қазақстаным-Мой Казахстан, Отан-Родина.

Іс-әрекет кезеңдері

Шаттық шеңбері

Амандасу үлкенге

Тәрбиенің басы ғой

Ал, кәнекей бәріміз

Сәлем дейік үлкенге,

Сәләмәтсіздер ме балалар!

Біз Қазақтың баласы

Дені сау салауатты

Біз-ұлттың болашағы

Білімді де сауатты!

Әнұран айту. (Барлығы орындарынан тұрып жүректеріне оң қолдарын қояды)

-Балалар біздің ұлтымыз кім?

-Қазақ

-Балалар біздің мемлекетіміз қалай аталады?

-Қазақстан Республикасы.

-Қазақстан қандай мемлекет?

-Егеменді, тәуелсіз мемлекет.

-Елбасымыз кім?

-Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев

-Елорда бас қаламыз қай қала?

-Астана қаласы.

-Ал өзіміз қандай қаланың жанында тұрамыз?

-Талғар қаласы.

-Ал Қазақстанда қандай ұлт өкілдері тұрады?

-Татар, өзбек, корей, шешен, қырғыз, орыс т.б

-Олармен біз қалай тұрамыз?

-Тату тұрамыз.

-Ал енді айтыңдаршы Егемендігіміздің белгісі нелер?

-Рәміздеріміз. Ту ,Елтаңба,Әнұран.

Тәрбиеші:Тудың түсі көгілдір. Ортасында күн. Күннің астында қыран құс. Оң жағында қазақтың ою-өрнегі. Мемлекеттік тудың авторы Шәкен Ниязбеков.

Елтаңбаның ортасында шаңырақ. Екі жағында тұлпар,жоғарғы жағында жұлдыз,астында «Қазақстан» деп жазылған. Елтаңбаның авторы- Жандарбек Мәлібеков. Шота Уалиханов

Балалардың орындауында тақпақтар:

Әмина

Құтты береке шаңырақ

Орын алған ол төрден

Қанатты қос арғымақ

Екі жақтан көмкерген.

Айзере

Айнымайды аспаннан

Біздің тудың бояуы

Оны халық қашанда

Биікке іліп қояды.

Айсұлтан

Елтаңбамыз ажарлы

Әнұранымыз әуенді

Асқақ бола түссін!

Елдігіміздің белгісі –

Хор: «Менің елім Қазақстаным!»

Шығармашылық сәт:

Тәрбиеші:

Ал енді балалар тудың суретін бояп үйренеміз (дәстүрден тыс жұмыс жасаймыз).

Мемлекеттік тудың ортасында отыз екі сәуле тараған, күн бейнеленген, күннің астында қалықтаған дала қыраны бар. Ал тудың шетінде ұлттық оюлармен бейнеленген.

Сергіту сәті

Дөңгелене тұрамыз

Керегені құрамыз

Уықтар боп иіліп

Шаңыраққа киіліп,

Киіз үйді тігеміз

Еліміздің аспаны ашық болсын!

Жерімізде гүлдер көп болсын! (Гүлді шашу)

Қорытынды:

- Сонымен балалар біздер бүгін ұйымдастырылған іс-әрекетімізде Отанымыз Қазақстан туралы, Қазақстан Республикасының рәміздері жайлы әңгімелестік.

Біз тәуелсіз елде тыныш өмір сүріп жатырмыз.

Аспанымызда әрдайым күніміз жарқырап тұрсын деген ниетпен бәріміз жапсыру тақтаға шуақты күннің бейнесін жапсырайық.

Бүгінгі тәрбие сағатына жақсы қатысқандарың үшін барлықтарыңа рахмет!



Бекітемін:
“MDU Bagytty bala”
балабақшасының меңгерушісі:
Өмірғалиева А.Б.



««Жомарт күз» жәрмеңкесі»

2025-2026оқу жылы



«Жомарт күз» жәрмеңкесі

Тақырыбы : «Жомарт күз жәрмеңкесі»

Мақсаты: Балалардың күз мезгілі туралы білімдерін кеңейту, еңбекқорлыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу, ата-аналар мен балабақша арасындағы байланысты нығайту.

Өтетін орны: Балабақша ауласы немесе музыка залы

Қатысушылар: Тәрбиешілер, балалар, ата-аналар, қонақтар

Безендірілуі: Күзгі жапырақтар, жеміс-жидектер, көкөністер, дастархан, себеттер, ұлттық оюлар.

🎵 Көңілді күй ойнап тұрады.

Жүргізуші:

Армысыздар, құрметті қонақтар, ата-аналар, әріптестер және бүлдіршіндер!

Алтын күздің берекелі шағында ұйымдастырылып отырған «Жомарт күз жәрмеңкесі» атты мерекемізге қош келдіңіздер!

Күз – молшылықтың, берекенің, еңбектің жемісін көретін мезгіл. Бүгінгі жәрмеңкемізде балаларымыз өз өнерлерін көрсетіп, күздің сыйын дәріптейді.

Балалардың кіруі

Балалар қолдарына жемістер мен көкөністердің макеттерін ұстап, әуенмен залға кіреді. Тақпақтар

1-бала:

Алтын күзім келдің бе,

Береке алып елге де.

Бақшамызға шаттық сыйлап,

Қуантасың сен бізді.

2-бала:

Күз келіпті далама,

Нұр төгіліп бар маңға.

Алма, алмұрт пісіпті,

Толып кеткен қоржынға.

3-бала:

Берекелі алтын күз,

Дәнге толды қамбамыз.

Еңбек еткен адамдар,

Жинап алды алмасын.

—

Ән  «Алтын күз» әні

Күз ханшайымының келуі

(Әуенмен Күз ханшайымы кіреді.)

Күз ханшайымы:

Сәлеметсіңдер ме, балалар!

Мен – Алтын күзбін. Сендерге толағай табыс, молшылық пен береке алып келдім.

Ал, балалар, күздің қандай сыйларын білесіңдер?

Балалардың жауаптары.

Ойын «Себетті толтыр»

Екі топқа бөлінген балалар себетке көкөністер мен жемістерді жинайды.

Би «Күзгі жапырақтар» биі

Жұмбақтар сайысы

Күз ханшайымы:

1. Қызыл, сары тоны бар,
Бақшамызда орны бар.
(Алма)

2. Жер астында жатады,
Дәруменге толады.
(Сәбіз)

3. Өзі домалақ, өзі тәтті,
Жазда пісіп жетіпті.
(Қарбыз)

Көрініс

«Еңбек түбі – береке»

(Бала бақшадағы бақшада еңбек етіп жүрген балалардың көрінісі.)

Балалар егін егіп, суарып, өнім жинайды.

Барлығы бірге:

Еңбек етсең ерінбей,

Тояды қарның тіленбей!

Ата-аналар сайысы

«Кім жылдам?»

Картоп аршу жарысы.

«Дәмін тап»

Көзін байлап көкөніс пен жемістің дәмін анықтау.

Ән  «Көкөністер әні»

Жәрмеңкенің ашылуы

Жүргізуші:

Құрметті қонақтар!

Енді «Жомарт күз жәрмеңкесін» ашық деп жариялаймыз!

Жәрмеңкеге ата-аналар дайындаған тәттілер, күзгі өнімдер мен қолөнер бұйымдары қойылады.

Балалар өз бұрыштарын таныстырады.

Жәрмеңке ұрандары

* «Берекелі күз – молшылықтың көзі!»

* «Еңбек еткеннің ырысы артады!»

* «Жомарт күз – жомарт дастархан!»

Қорытынды

Күз ханшайымы:

Балалар, күздің сыйын бағалай білейік. Еңбекқор болып өсейік!

Жүргізуші:

Бүгінгі мерекеге қатысып, қолдау көрсеткен ата-аналарға алғысымызды білдіреміз.

«Берекелі күз құтты болсын!»

🎵 Ортақ би: «Кел, билейік!»





«15-қараша ұлттық валюта теңге күні»



15-қараша ұлттық валюта теңге күні

Тақырыбы: «Теңге – тәуелсіздік нышаны»

Білім беру саласы: Қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту

Мақсаты:

Балаларды Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен таныстыру. Теңгенің тәуелсіз еліміздің басты нышандарының бірі екенін түсіндіру. Отансүйгіштікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Теңге суреттері, монеталар макеті, әмиян, дүкен бұрышына қажетті заттар, ҚР рәміздері.

Шаттық шеңбері

Көк байрағым желбіреген,
Тәуелсіз ел – Қазақстан.
Төл теңгеміз төрге озған,
Мақтанамыз әрқашан!

Тәрбиеші:

Балалар, біздің еліміз қалай аталады?
Балалар: Қазақстан Республикасы.

Тәрбиеші:

Қазақстанның өз рәміздері бар. Сонымен қатар әр мемлекеттің өз ақшасы болады. Біздің ұлттық валютамыз қалай аталады?

Балалар: Теңге.

Тәрбиеші:

Дұрыс айтасыздар. Қазақстанның ұлттық валютасы – теңге. Ол 1993 жылдың 15 қарашасында айналымға енді.

Теңге банкноттары мен монеталарын көрсету.

Сұрақтар:

- * Теңгені қай жерде қолданамыз?
- * Дүкеннен зат алу үшін не керек?
- * Ақшаны қалай сақтау керек?

Тақпақтар

1-бала

Теңге біздің ақшамыз,
Тәуелсіз елдің мақтанышы.
Берекелі байлығымыз,
Қазақстан бақ бағысы.

2-бала

Теңгем менің төл ақшам,
Қадірлеймін әрқашан.
Тәуелсіз елдің белгісі,
Мақтанамын мен саған.

3-бала

Теңге күні мереке,
Қуанышқа толады.
Қазақстан теңгесі,
Биіктерге самғайды.

Сергіту сәті

Бір теңге, екі теңге,
Жинап жүрмін мен күнде.
Үнемшіл боп өсемін,
Еңбек етіп жетемін.

Дидактикалық ойын

«Дүкен»

Мақсаты: Балаларды теңгені дұрыс пайдалануға үйрету.
Балалар сатушы және сатып алушы болып ойнайды.

Логикалық тапсырма

«Қанша теңге керек?»

Алма – 100 теңге

Алмұрт – 200 теңге

Шырын – 300 теңге

Балалар қажетті соманы есептеп айтады.

Мақал-мәтелдер

- * Ақша ашпайтын құлып жоқ.
- * Теңге тиыннан құралады.
- * Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей.

Ойын: «Әмиянды толтыр»

Балалар қағаз теңгелерді жинап, әмиянға салады.

Қорытынды

Тәрбиеші: Балалар, біздің ұлттық валютамыз қалай аталады?

Балалар: Теңге.

Тәрбиеші:

Теңге күні қашан аталып өтеді?

Балалар: 15 қараша.

Тәрбиеші:

Теңге – тәуелсіздігіміздің нышаны. Төл валютамызды құрметтеп, елімізді мақтан тұтайық!

Жүректен жүрекке

Барлығы бірге:

«Теңгеміз тұрақты болсын!»

«Қазақстанымыз өркендей берсін!»

«Тәуелсіз еліміз жасай берсін!»



Бекітемін:
“MDU Bagytty bala”
балабақшасының меңгерушісі:
Өмірғалиева А.Б.



«Әжемнің өнері – ұрпаққа өнеге»



«Әжемнің өнері – ұрпаққа өнеге»

Тақырыбы: «Әжемнің өнері – ұрпаққа өнеге»

Мақсаты: Әжелердің ұлттық қолөнерін дәріптеу, ұрпақтар сабақтастығын нығайту, ұлттық құндылықтарды насихаттау, әжелердің тәжірибесін жас ұрпаққа үлгі ету.

Өтетін орны: Музыка залы

Қатысушылар: Әжелер, тәрбиеленушілер, ата-аналар, педагогтер

Безендірілуі: Қазақы ою-өрнектер, қолөнер бұйымдары көрмесі, киіз үй бұрышы, ұлттық аспаптар.

Жүргізуші: Қайырлы күн, құрметті қонақтар, ардақты әжелер!

Бүгінгі «Әжелер мектебі» аясында ұйымдастырылып отырған «Әжемнің өнері – ұрпаққа өнеге» атты қолөнер сайысына қош келдіңіздер!

Қазақ халқы қашанда қыз тәрбиесіне, отбасы құндылығына, қолөнерге ерекше мән берген.

«Өнерлінің қолы алтын» дегендей, бүгін әжелеріміз өздерінің шеберліктерін көрсетіп, кейінгі ұрпаққа өнеге болмақ.

Балалардың құттықтауы

1-бала:

Ардақты әжем, ақ әжем,
Ақылгөйім дана әжем.
Мейірімің күн нұрындай,
Жүрегімде дара әжем.

2-бала:

Әжем менің асыл жан,
Ертегі айтып жасымнан.
Өнерінді үйретіп,
Тәрбиеледің басымнан.

3-бала:

Әжелерге мың алғыс,
Берекелі әр күні.
Дендеріңіз сау болып,
Ұзақ болсын ғұмыры.

🎵 **Балалардың орындауында «Әжем менің» әні.**

I кезең

«Өнерлі әже – өнегелі әже» таныстыру

Әр әже өзін және қолөнер жұмысын таныстырады.

Жүргізуші:

Алғашқы кезеңімізде әжелеріміз өздерін таныстырып, жасаған бұйымдарының ерекшелігін айтып береді.

Мысалы:

«Менің атым Айман әже. Бұл – өз қолыммен тіккен құрақ көрпе. Құрақ құрау – қазақтың ұлттық өнерінің бірі. Әр түстің өзіндік мағынасы бар. Бұл бұйымды немерелеріме арнап жасадым.»

II кезең

«Шебердің қолы алтын»

Әжелер алдын ала дайындаған қолөнер бұйымдарын көрермендерге ұсынады.

Көрмеге:

- * Құрақ көрпе;
- * Кесте жұмыстары;
- * Тоқыма бұйымдары;
- * Ұлттық оюлар;
- * Моншақтан жасалған әшекейлер;
- * Киізден жасалған бұйымдар;
- * Табиғи материалдардан жасалған жұмыстар қойылады.

Қазылар әр бұйымның ерекшелігін бағалайды.

III кезең

«Қолөнер құпиясы»

Әжелерге сұрақтар қойылады.

Сұрақтар:

- * Құрақтың неше түрін білесіз?
- * Кесте тігудің қандай түрлері бар?
- * Қазақтың ұлттық қолөнер бұйымдарын атаңыз.
- * Немерелеріңізге қандай өнер үйретіп жүрсіз?

IV кезең

«Әжемнен үйренемін»

Әже мен немере бірігіп шағын тапсырма орындайды.

Мысалы:

- * Моншақ тізу;
- * Ою құрастыру;
- * Жіп орау;
- * Қағаздан өрнек жасау.

Музыкалық үзіліс

Балалардың орындауында «Қара жорға» биі.

V кезең

«Мақалдың жалғасын тап»

Жүргізуші мақалдың басын айтады.

Әжелер жалғастырады.

- * Өнерлі өрге... (жүзер)
- * Шебердің қолы... (ортақ)
- * Ата көрген оқ жонар... (ана көрген тон пішер)
- * Ұяда не көрсең... (ұшқанда соны ілерсін)

Жүргізуші: Балбақша меңгерушісі Айдана Баубекқызы сайыстың қорытындысын айтып

Қатысушыларды жүлделермен марапаттайды

Құрметті әжелер!

Сіздердің өнегелі өмір жолдарыңыз бен алтын қолдарыңыз кейінгі ұрпаққа үлкен тәрбие. Ұлттық өнерімізді сақтап, жастарға үйретіп жүргендеріңіз үшін шексіз алғыс білдіреміз.

Марапаттау



«Алтын қолды әже»



«Ұлттық мұра жанашыры»

- 🕒 «Ең шебер әже»
- 🕒 «Шығармашыл әже»
- 🕒 «Өнерлі әже»
- 🕒 «Үздік қолөнер шебері»

Жүргізуші:

Ақ жаулықты әжелеріміз аман болсын!

Ұрпақ тәрбиесіндегі еңбектеріңіз жана берсін!





«Республикам – мақтанышым!»



16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған «Республикам – мақтанышым!» атты ертеңгілік

Мақсаты:

- 1) Балаларға тәуелсіз мемлекет туралы түсінік беру балалардың Отанға деген сүйспеншіліктерін арттыру. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері: Елтаңба, ту, әнұран туралы білімдерін қалыптастыру. Отан туралы тақпақ. Мақал-мәтелді жатқа айтуға үйрету. Патриоттық сезімге баулу.
- 2) Балалардың тіл байлығын ой-өрісін, сөзді байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту.
- 3) Елімізді, жерімізді қадірлеуге, сүйуге тәрбиелеу.

Бекболат Тілеухановтың «Елім менің» әнімен балалар залға кіреді.

Тәрбиеші: Сәлеметсіздер ме құрметті қонақтар!

«Тәуелсіздік-тұғырым» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер!

Барша халық таныған,

Біздің үміт тілекті.

Шырқалғанда әнұран,

Шаттық кернер жүректі.

- Әнұранды орындау.

Тәрбиеші: Балалар, біздің Отанымыз қалай аталады?

Балалар: Қазақстан республикасы.

Жүргізуші: Қазақстан қандай мемлекет?

Балалар: Қазақстан тәуелсіз, егеменді мемлекет.

Жүргізуші: Балалар, бүгін міне осы Тәуелсіздік мерекесі күні. Еліміздің тұңғыш елбасы кім?

Балалар: Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

Жүргізуші: Еліміздің елордасы қай қала?

Балалар: Астана.

Жақсы балалар.

Қазақстан Жоғары кеңесі 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстанды тәуелсіз мемлекет деп жариялады. Бұл күн — Қазақстан тарихында «Тәуелсіз Қазақстан Республикасының туған күні» деп алтын әріптермен жазылды. Бұл республиканың барлық халықтары үшін маңызды тарихи оқиға болды.

Тәрбиеші: Мүз жастанып азаматтық жолында,

Тәуелсіздік туы тұрды қолында.

Жеңіп шықты, бас имеді, қасарып

Сойыл таяқ ойнаса да жолында

Желтоқсан-ау, ұмтылмайсың жүректе

Ұрпақ өсер айналатын тірекке

Егемендік тиді міне еншіме

Желтоқсаным, жеткіздің ақ тілекке.

Біздің Отанымыз Қазақстан - тәуелсіз, егеменді мемлекет.

Тәуелсіздік үшін қаншама азаматтарымыз, ардақты ағаларымыз, ақылды жастарымыз ғұмырларын күреске арнап Тәуелсіздік жолында құрбан болған Ләззат, Сабира, Ербол, Қайрат есімді азаматтарымыздың рухына бас иіп орнымыздан тұрып 1 минут еске алайық!

Олардың аңсаған армандарымен үміт тілектері бұл күнде толық жүзеге асты. Қазақ елі тәуелсіздігін алды. Туымыз асқақтап желбіреп тұр.

Тәрбиеші: Бақытым Республикам Қазақстан

Көгінде ақ көгершін, қаздар ұшқан

Соған жетпес құшағы әлемнің де

Қыс болса бір шетінде жаз ауысқан.

Отан туралы тақпақтарымызды айтайық.

Каусар.

Отанның қасиетті тілін сүйем,

Отанның қасиетті күнін сүйем.

Отан, Отан, Отан!

Бәрінен де биік екен!

Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем.

Айрин.

Бейбіт таңдар арайлап атады,

Туған жерді айналайды шапағы.

Байтақ елім-ұлы Қазақстаным!

Ең бақытты балалардың Отаны.

Арлан.

Қазақстан - азат елім,

Таңғажайып туған жерім.

Тек сен үшін мақтанамын,

Қазақстан – елім менің.

Астана арман қала,

Бағы бір жанған қала

Тұрасың жап-жас болып,

Мен үлкен болғанда да

Айбибі.

Көгінде күн нұрын төккен,

Жерінде гүл жұпар сепкен.

Неткен сұлу, неткен көркем!

Осы менің туған өлкем!

Алпамыс.

Отан деген – атамекен

Отан деген – туған жер.

Отан – ана, Отан – үлкен.

Қазақстан – туған ел

Тәрбиеші: Отан оттанда ыстық дегендей, Отан үшін жанын берген аға – әпкелерімізге арнап топ ұлдарының орындауында «Алға Қазағым» биін қабыл алыңыздар!

Би «Алға Қазағым»

Тәрбиеші: Рәміздерім елдігімнің белгісі

Білу керек баладағы ең кіші

Өнұран, Ту, Елтаң ба

Рәміздерді жатқа білсін әр кісі.

- Балалар рәміздерімізді кім атап береді?

Дұрыс айтасыңдар балалар? Ортаға рәміздер туралы тақпақтарын айтуға Рамазан.

Нұржігіт.Зерде келе қойыңдар.

Рамазан.

Елтаңбасы елімнің,

Неткен әйбат әдемі.

Тұнығындай көңілдің,

Ортада аспан әлемі.

Нұрислам.

Құт береке шаңырақ,

Орын алған ол төрден.

Қанатты қос арғымақ,

Екі жақтан көмкерген.

Заур.

Тәуелсіздік жолында,

Талай-талай тер тамған.

Билігім өз қолымда,

Еркіндігім - Елтаңбам

Әнші қызымыз Әминаның орындауында «Бала тілегі» әнін қабыл алыңыздар.

Келесі тақпақтарын айтуға балалар

Әлинұр.

Алтын дәнді даласы бар,

Ақ күмістей қаласы бар.

Неткен сұлу, неткен көркем!

Осы менің туған өлкем!

Әмина.

Көк аспандай тулайтын,

Желтоқсанның күні бұл.

Елім деген ұлдардың,

Елжірейтін күні бұл.

Тәрбиеші:

Тал шыбықтай бұралған

Қазағымның қыздары-ай

Сүйсіндірген биімен

Өнерлі ғой қыздар—ай - деп

